«Жауқазын» ортанғы тобы

Ата – аналармен 2024-2025жыл аралығындағы өткізілетін жұмыс жоспары

№	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	**Қыркүйек** 1. Ата – аналарды 2024 – 2025 оқу жылының жоспарымен таныстыру. 2. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы. Пікірлерін тыңдау.	Топ тәрбиешілері: Даржанова Г. Еламан А Психолог: Жайнагүл Барлыққызы
2	**Қазан** 1. « Экибано» ұйымдастыру 2. «Алтын күз» 3. «Екі жұлдыз» сайыс	Ата-анамен бірлесіп көрме ұйымдастыру. Ата-анамен	Медбике: Алинова М.Қ Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А Ата-ана
3	**Қараша** 1. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары. 2. Тұмау туралы кеңес	Кеңес ата-анаға	Медбике: Алинова М.қ Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А
4	**Желтоқсан** 1. Бала тәрбиесі 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. 3.Жаңа жылдық жасыл шырша	I жарты жылдық есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А Психолог: Жайнагүл Барлыққызы
5	**Қаңтар** 1. "Дені саудың – жаны сау" мәдени – гигиеналық шара. 2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері. 3. «Біз епті міз» Спорттық сайыс	Жылжымалы папка. Буклет.	Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А Медбике: Алинова М.Қ
6	**Ақпан** 1. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі 2. Тәрбие отбасынан басталады. 3. «Дөңгелек стол»	Ата-анаға кеңес Баяндама	Топ тәрбиешілері: Даржанова. Г.С Еламан А Ата – аналар
7	**Наурыз** 1. Тәрбие тірегі – халық мұрасы. Қазақтың ою – өрнектері. 2. «Ана -асыл қазынам» 8 наурыз ертеңгілік	Көрме.	Топ тәрбиешілер: Даржанова Г.С Еламан А

	3. «Қош келдің Әз -наурыз» 22-наурыз ертеңгілік		Ата – аналар .
8	**Сәуір** 1. Табиғатты аялайық. 2. Тренинг 3. «Дөңгелек стол»	Ата – аналармен бірлескен жұмыс.	Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А Психолг Тұрғанбаева Ж
9	**Мамыр** 1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.	Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Медбике: Алинова М.Қ Топ тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А

Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

«Зере» бөбекжай -балабақшасы меңгерушінің м.а Ермухамедова А.Ж

«Жауқазын» ортанғы тобының тәрбиешілері: Даржанова Г.С Еламан А

Өткізілген күн: 12.09.2024 жыл.

Бала саны: 23 бала.

Қатысқан ата-ана: 7. **Қатыспаған ата-ана:** 16

Күн тәртібінде:

1. Баяндама оқылды.
2. Балалардың тәртібі, тазалығы .
3. Кешікпей келу, төлемақыны уақытында төлеу .
4. Берілген тапсырмаларды уақытылы орындау сұралды.
5. Ата – аналардың ұсыныстары тыңдалды.

Тыңдалды:

« Ата-ана мен бала махаббаты» деген тақырыпта баяндама оқылып, бала тәрбиесіндегі ең маңызды рөл атқаратын ол отбасы екені түсіндірілді. Баланы адамгершілікке баулу, еңбек сүйгіштікке баулу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбилеу бала өмірінде маңызды рөл атқаратыны айтылды.

«Зере» бөбекжай- балабақша меңгерушінің м.а Ж.А.Жылқайдаровна ата-аналармен амандасып,сөз алды. Қазіргі кезде балабақшамыздың жағдайы туралы жалпы ата-аналарға түсіндіріп өтті. Алдағы уақытта Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатқанын хабарлады. Балалардың уақытында дәрумендер қабылдап отыру керектігі ескертілді. Балалардың төлемақысы уақытылы төленуін қатаң ескертті. Келісімшартың өзгергені туралы ескертілді.

Топтағы балалардың тәртібі ескеріліп, **балабақшамыздың медбикесі Алинова Маржангүл Құланқызы балалардың тазалығы жөніңде сөз қозғады**. Балаларға берілетін тағамдар жөнінде, дәрумендер берілетіні жайлы айтты.Топтағы жүргізілетін жұмыстар түсіндірілді. Ұйымдастырылған оқу қызметінен кейін бөлме ылғалды шүберекпен сүртіліп, кварц қосылатыны айтылды. Екпе туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Балабақша психологы: Тұрғанбаева Жайнагүл Барликовна сөз алып, ата - аналармен сөйлесіп, кеңес берді.

Қаулы қабылданды:

Балалардың тазалығы қадағаланады.

Тамақтануға төленетін төлемақы уақытылы төленеді.

Сұралған құжаттарды уақытылы тапсырады.

Комитет төрайымы: Алтынбай Ботагөз Сеймырзақызы

Мүшесі: Сұлтангалиева Айгерим

2024-2025 оқу жылы.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 2

«Жауқазын» ортанғы тобының тәрбиешілері: Рахова Г.Н Еламан Ә

Өткізілген күн: 20.12.2024ж.

Бала саны: 24 бала.

Қатысқан ата-ана: 6 **Қатыспаған ата-ана:** 18

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Баяндама.Бала-болашағымыз.
2. «Киіз үй» сұрақ-жауап.
3. Балабақшаның күн тәртібі,тәрбиеленушілер қатысымы.
4. Жаңа жыл ертеңгілігі.
5. Ата-аналар комитетін тыңдау.

Тыңдалды:


Күн тәртібіндегі мәселе бойынша тәрбиеші Еламан Ә «Бала-болашағымыз» баядамасы тыңдалды. Баяндам мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Топқа тағайындалған тәрбиеші Рахова Г.Н ата-аналарға таныстырып өтті. «Киіз үй» сұрақ-жауап өткізілді.Киіз үй фартуна арқылы аналар шынайы жап берді. Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға балабақшаға келіп-кетуін,тазалығын қадағалау туралы айтылды.


Ата-ана : Алтынбай Ботагөз Сеймырзақызы


- Баяндамамаған ұнады. Енді алдағы уақытта баламмен досы ретінде қарым-қатынас жасауға тырысамын.
- Ата-ана көмекшісін ауыстыуға ұсыныс тастады.


Қаулы қабылданды.:

1. Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
2. Ата-аналар көмекшісі: Канбаева Айгул Кенжемұратқызы тағайындалды.









ХАТТАМА №3

Ата-аналар жиналысы

Өткізу күні: 4 наурыз 2025 жыл

Уақыты: 17:00

Өтетін орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы, «Жауқазын» тобы

Қатысқандар: 8 тобының ата-аналары,

тәрбиеші:Еламан Әйгерім

Қатыспағандар:17

Күн тәртібі:

1. Балалардың тәрбиесі мен дамуы туралы топтың жылдық жоспардағы жұмыс нәтижелері.
2. Көктемгі уақыттағы балалардың қауіпсіздігі (жол ережесі, көктемгі сырқаттардың алдын алу, үйде қауіпсіздік).
3. Ата-аналармен бірлескен көктемгі мерекелік іс-шаралар туралы.
4. Тәртіп, қатысым, балабақша ішкі ережелері.
5. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар, пікірлер.

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші Еламан Әйгерім сөз сөйледі. Балалардың дамуы, тәрбиесі мен әлеуметтік дағдылары туралы тоқталып, жыл басынан бері жүргізілген жұмыс нәтижелерімен таныстырды.
2. Көктем мезгілінде балалардың қауіпсіздігін сақтау, ата-ананың жауапкершілігі, үйде және көшеде тәртіп сақтау жайлы айтты. Ата-аналарға арнайы жадынамалар таратылды.
3. Тәрбиеші көктемгі мерекелерге арналған іс-шара жоспарын таныстырды (мысалы, 8 наурыз, Наурыз мейрамы). Ата-аналардан қолдау көрсетуді сұрады.
4. Балабақша ережелерін сақтау, уақытылы келу, баланың тазалығы, жеке заттары туралы ескерту жасалды.
5. Ата-аналар тарапынан ұсыныстар тыңдалды:
   – Балалардың күнделікті тағам мәзірін ата-аналар чатына салу;
   – Мерекелік іс-шараларды бейнетаспаға түсіру;
   – Көктемгі серуендер мен сенбіліктерге ата-аналардың белсенді қатысуы.

Қаулы:

1. Ата-аналар тәрбие жұмыстарының нәтижесіне оң баға берді.

2. Қауіпсіздік шаралары бойынша барлық ата-аналарға ақпараттық жадынамалар таратылады.

3. Мерекелік іс-шараларға ата-аналар белсенді қатысады.

4. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау – барлық ата-анаға міндетті.

5. Ата-аналар ұсыныстары ескеріліп, балабақша әкімшілігімен жұмысқа алынады.









Жауқазын тобы

«Зере» бөбекжай - балабақшасы
«Жауқазын» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттамасы №4

Қатысқаны: 8
Қатыспағаны:17

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Жүрек жылуы амандасу.
2.Қортынды жылдық есеп
3.Менің тәрбием (Сұрақ-жауап)
4.Бала тілі бал.(Видео тапашалау)
5.Қортынды.Тренинг

1.Жүрек жылуы амандасу.

Қош келдіңіздер, құрметті ата-аналар!

Тақырыбы: "Жақсы бала – ата-ана қуанышы" атты "Жауқазын" ортаңғы тобының қорытынды ата-аналар жиналысына қош келдіңіздер.

Отбасы адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады.

2.Қортынды жылдық есеп

1. Білім беру дағдылары ***бойынша жұмыс:***

1.1. Коммуникативтік дағдыларын дамыту:

Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары жүргізілді. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тақырыптық әңгімелер, ертегі оқу, көркем әдеби шығармалармен жұмыс ұйымдастырылды.

1.2. Таным және зияткерлік дағдыларын дамыту:

Қоршаған ортамен таныстыру, қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеру бойынша сабақтар өтті.

1.3. балалардың шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекетін дамыту:

Апталық тақырыптарға байланысты сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сабақтары өткізілді.

Балалардың қиялын дамыту мақсатында театрландырылған ойындар, көркем шығармаларды сахналау ұйымдастырылды.

Ән-күй сабақтарында ұлттық және заманауи әндер үйретіліп, би элементтерімен таныстырылды.

1.4. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту:

Достық, сыйластық, жауапкершілік, еңбекке баулу дағдылары тәрбиеленді.

Ата-аналармен бірлескен «Наурыз тойы», «Алтын күз», «Ана – өмір шуағы» сынды мерекелік іс-шаралар өткізілді.

1.5.Физикалық дамыту.:

Таңғы жаттығулар, сергіту сәттері, қимыл-қозғалыс ойындары тұрақты жүргізілді. Спорттық шаралар мен жарыстар ұйымдастырылып, балалардың дене дамуына оң әсер берді.

2. Ата-аналармен жұмыс:

Ашық сабақтар, ата-аналар жиналыстары, тренингтер өткізілді.

«Ақылды ана,Зейінді бала», «Әкелер бізде қонақта» сияқты іс-шаралар арқылы ата-аналар ынтымақтастығы нығайтылды.

3.Менің тәрбием (Сұрақ-жауап)

Шар жару ойыны

Сұрақтарға жауап беру.

Абай атамыз айтқандай ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек бала, оны тәрбиелеу екенін айтқысы келген екен. Ендеше ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпай-ақ. Бала ата-ана өмірінің жалғасы. Адамның бауыр етіде, жүрегі - бала. Сондықтан да осы жүректі аялы алақандарыңызбен ұстап, балаларыңызға деген ақ тілектеріңізді жеткізіп бір-бірлеріңізге беріңіздер.

4.Бала тілі бал.(Видео тапашалау)

5.Қортынды.Тренинг

Екі ата-ана шығып

1) Жылап тілек айту
2) Күліп тілек айту

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдады.

Қаулы: Ата-аналар көңілді отырды.Сұрақтарға шынайы жауап берді.Балабақшаға,тәрбиешілерге наразылық білдірмеді.







